


Келісемін
Оқу ісінң менгерушісі:
Нұрқанова Ш.Б



Бекітемін
мектеп директоры:
Каирбай Б.Х



**Ортағаш ауылының
негізгі орта мектебі
гуманитарлық пәндер бірлестігінің
2022-2023 оқу жылына арналған
жұмыс жоспары**

Гуманитарлық пәндер бірлестігінің 2022-2023 оқу жылындағы отырыс жоспары

р/с	Жұмыс мазмұны	Өтетін күні	Өткізілу формасы	Жауапты
1.	<p>Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының нормативтік-әдістемелік құжаттарымен танысу»</p> <p>1. Әдістемелік бірлестіктің өткен жылғы жұмысына талдау жасау</p> <p>2. Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу. Бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру.</p> <p>3. 2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларын қолданбалы курс, факультативтер бағдарламаларын тексеру, бекіту. Тілдер мерекесін өткізу жоспарын құрау.</p> <p>4. Қорытынды аттестаттау мен ББЖМ-ға дайындық жоспарларын бекіту.</p> <p>5. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын құру, бекіту.</p> <p>6. «Нольдік» бақылау жұмысының мазмұнын қарастыру, бекіту.</p> <p>7. Мектепшілік олимпиада тапсырмаларын, құжаттарын бекіту.</p>	Тамыз	ӘБ отырысы №1	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
2.	<p>Тақырыбы: «Мұғалімнің ақпараттық және коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру »</p> <p>1. №1 отырыс қаулысының орындалуы</p> <p>2. Оқу жылы басындағы негізгі пәндер бойынша білім тексеру жұмысының қорытындысы</p> <p>3. Дарынды оқушылармен жұмыс. Мектепшілік олимпиада, аймақтық олимпиада қорытындысы. 9-сыныппен ОЖСБ –ға дайындық</p> <p>4. I тоқсанның қорытындысы</p> <p>5. «Гуманитарлық пәндер» апталығын жоспарлау, бекіту.</p>	Қазан	ӘБ отырысы №2	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
3.	<p>Тақырыбы: «Гуманитарлық пәндерде модульдік технологияны практикалық қолдану»</p> <p>1. №2 хаттама шешімінің орындалуы</p> <p>2. 9-сыныппен ОЖСБ –ға дайындық, қорытындысын талдау</p> <p>3. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.</p> <p>5. «Гуманитарлық пәндер» апталығының қорытындысы және өткізілу жағдайы</p> <p>6. Мектепшілік кіші олимпиада өткізу.</p> <p>7. Іжартыжылдық білім көрсеткіштері қорытындысы</p>	Қаңтар	ӘБ отырысы №3	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері
4.	<p><u>Тақырыбы: «Қорытынды аттестаттауға психологиялық жағынан дайындық»</u></p> <p>1. №3 хаттама шешімінің орындалуы</p> <p>2. 9-сыныппен ОЖСБ –ға дайындық, қорытындысын талдау</p> <p><u>3. «Қорытынды аттестаттауға психологиялық жағынан дайындық»</u></p>	Наурыз	ӘБ отырысы №4	ӘБ жетекшісі Пән мұғалімдері Мектеп психологы

	<p>4..Қазақстан тарихы бойынша 5-7 сыныптарда кіріктірілген өлкетану курсының берілуі</p> <p>5. Өзара сабаққа қатысу</p> <p>6. Сабақтастық мәселесі</p> <p>7. 3-оқу тоқсанныңбілім кесімдері мен тоқсандық қорытындысына сараптама талдау</p>			
5.	<p>Тақырыбы: «Жылдық қорытынды, талаптар мен міндеттер»</p> <p>1.№ 4хаттама шешімінің орындалуы</p> <p>2.ІІ жартыжылдық білім кесімдерінің қорытындысы.</p> <p>3.Дарынды оқушылармен жұмыстың қорытынды есебі</p> <p>4.Гуманитарлық пәндер бойынша оқушының жылдық білім сапасы мен тест жұмыстарының нәтижесі</p> <p>5. 9-сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындау.</p> <p>6.ӘБ жұмысына сараптама талдау</p> <p>7.Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасы</p>	Мамыр	ӘБ отырысы №5	ӘБ жетекшісі

Гуманитарлық пәндер бірлестігі отырысының

№ 1 хаттамасы 25.08.2021

Қатысқаны: бәрі
Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. ӘБ- тің өткен жұмысының талдау жасау.
2. Әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу. Бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларын, қолданбалы курс, факультативтер бағдарламаларын тексеру, бекіту. Тілдер мерекесін өткізу жоспарын құру.
4. Қорытынды аттестаттау ББЖМ-ға дайындық жоспарын бекіту.
5. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспарын құру, бекіту.
6. «Нөлдік» бақылау жұмысының мазмұнын қарастыру, бекіту.
7. Мектепшілік олимпиада тапсырмаларын, құжаттарын бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша – бірлестік жетекшісі Есентаева Тілеужан Алкенқызы сөз сөйледі. 2021-2022 оқу жылына арналған мектепшілік жоспар белгіленіп, оқушылардың бос уақыттары есепке алынып, пәндік және үйірмеге тартылғаны, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстары үздіксіз жүргізіліп, оқушыларды мектепте және сыныптан тыс оқу жұмыстарының барлық түрлері қамтылып, нысаналы жұмыстар атқарылғаны туралы айтты.

Екінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылында ҚР-ның орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы айтылды. Ұлттық құндылықтардың негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру. «Оқуға құштар мектеп», «Дебат қозғалыстары», «Мектеп парламенті», «Балалар және театр», «Жылыжайлар» т.б басқа жобаларды іске асыру: Тірек мектеп-магнитті мектептер кешені туралы.

2022-2023 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар керектігі айтылды:

1. Білім алушылардың білімін толықтыру;
2. Қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;
3. Білім алушыларға сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

Осы оқу жылындағы үлкен өзгеріс 36 оқу аптасы жайында, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылардың мерейтойларын тәрбие сағаттарына кіргізу жайында айтылды.

Үшінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылына арналған пән мұғалімдерінің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары, факультатив жоспарлары тексеріп, бекітілді. Тілдер мерекесін өткізуде «Мәңгілік Ел-Мәңгілік Тіл» тақырыбымен онкүндік жоспары бекітілді.

Төртінші мәселе бойынша- Пән мұғалімдерінің 9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттауға дайындықтар туралы сөз қозғалды. ББЖМ –ға дайындық жоспары бекітілді.

Бесінші мәселе бойынша «Дарынды оқушылармен» жұмыс жоспарын құру талқыланды.

Алтыншы мәселе бойынша «Нөлдік бақылау» жұмысының мазмұнын қарастырып, жұмыстар бекітілді.

Жетінші мәселе бойынша мектепшілік олимпиада тапсырмалары бекітілді.

Шешімі:

- Мұғалімдер ӘНХ- ты толық оқып танысын.
- Бірлестіктің жылдық жоспары бойынша жұмыстар жүргізілсін.
- Тілдер мерекесі жоспар бойынша өткізілсін.

Хатшы: Бикина Ризагүл Қ.

ӘБ жетекшісі: Есентаева Т.А.

Гуманитарлық пәндер бірлестігі отырысының

№2 хаттамасы

27.10.2022

Қатысқаны: бәрі

Күн тәртібінде

Тақырыбы: «Мұғалімнің ақпараттық және коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру»

1. №1 отырыс қаулысының орындалуы
2. Оқу жылы басындағы негізгі пәндер бойынша білім тексеру жұмысының қорытындысы
3. Дарынды оқушылармен жұмыс. Мектепшілік олимпиада, аймақтық олимпиада қорытындысы. 9-сыныппен ОЖСБ –ға дайындық
4. I тоқсанның қорытындысы
5. «Гуманитарлық пәндер» апталығын жоспарлау, бекіту

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша ӘБ жетекшісі Есентаева Т.А. 1-отырыс қаулысының орындалуы жайында талдау жүргізді. Пән мұғалімдері ӘНХ-пен толық танысып, бағдарламада іске асырып жатқандығын айтып өтті. Бірлестіктің жылдық жоспары бойынша әр жұмыстың іске асырылуын жауапты адам толық қамтамасыз етіп отыру керектігі баса назарға алынды.

Қазақстан халықтарының Тілдер күні мерекесіне байланысты 5.09-16.09.22 оқу жылы «Мәңгілік Ел-Мәңгілік Тіл» тақырыбында онкүндіктің өткізілгені, онда, жүргізілген жұмыстар жөнінде тоқталып өтті. Тілдер мерекесіне арналған онкүндік «Дәуірдің жарық жұлдызы» тақырыбымен Ахмет Байтұрсынұлы туралы бейнематериалдар көрсетуден басталғандығын айтып өтті.

1-9 сыныптар толықтай қатынасып, жоспар бойынша берілген жұмыстар орындалды. «Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында тәрбие сағаты, «Кітап оқу-мәдениеттің ең жоғарғы үлгісі» тақырыбында 8-9 сыныптар арасында оқырмандар конференциясы, «Мысалдар әлемінде» Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарынан сурет байқауы, «Ұлылар мекені» 7-9 сыныптар арасында білімпаздар сайысы, «Қазақ тілінің негізін қалаушы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбымен 5-9 сынып аралығында интеллектуалды сайыс пен «Ұлттың ұлы ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында диктант жұмыстары жүргізілді. Жоспарланған онкүндік ауқымды түрде терең мағыналы болып өткізілді.

2-мәселе бойынша пән мұғалімдері оқушылардың білімдерін тексеру барысы, ондағы жетістіктер мен кемшіліктер туралы сөз қозғап, оқушылармен жұмыстарды жандандыру керектігін айтып өтті.

3-мәселе бойынша мұғалімдер жақсы оқитын оқушылармен жүргізіп жатқан жұмыстары жөнінде есеп берді. Мектепшілік олимпиадада оқушылардың жетістіктеріне тоқталып, аудан көлеміндегі жеңістері туралы айтты. Аудандық

пәндер олимпиадасы бойынша Оспанова Қ.М дайындаған 6-сынып оқушысы Серік Томирис орыс тілінен 1 жүлделі орын иеленсе, 7-сынып оқушысы Жанбек Ақмаржан жүлделі 3 орын иеленді. Қазақ тілі пәнінен 5-сынып оқушысы Рымбек Еркеназ 2 жүлделі орын, 7-сынып оқушысы Омаров Жамалий 2-орын иеленді. . Пән мұғалімі-Есентаева Т.А. Қазақстан тарихы пәнінен 8-сынып оқушысы Қалымтай Елдос жүлделі 2 орын иеленді.Пән мұғалімі-Есентаева Т.А. Оқушылардың бұл жетістіктері үлкен дайындықтың көрсеткіші екендігін айтып өтті.

9-сынып оқушыларымен жоспар бойынша барлық пәндерден ББЖМ-ға дайындық болып жатқандығы айтылып, мұғалімдер қандай әдіс-тәсілдермен жұмыс жасап жатқандығы туралы есеп берді.

4-мәселе Пән мұғалімдері І тоқсан бойынша оқушылардың білім көрсеткіштері туралы мониторингтерін көрсетті. Бақылау жұмыстарының нақты көрсетілген кесте бойынша алынып жатқандығы, оқушылардың қалай орындайтындары айтылды. Білім беру үрдісінің мониторинг және диагностика жүйесін дайындау деңгейі жалғасын тапты.

5-мәселе бойынша Пән мұғалімдері кеңесе отырып, қаңтар айында гуманитарлық пәндер апталығын өткізуді жоспарлады

Шешімі:

1. Пән мұғалімдері жоспар бойынша ББЖМ-ға 9-сынып оқушыларын дайындауды жалғастырсын.
2. Бекітілген мерзімде гуманитарлық пәндер апталығы өткізілсін.

ӘБ жетекшісі: Есентаева Т.А.

Хатшы: Бикина Р.Қ.

Қатысқаны: бәрі

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде

Тақырыбы: «Гуманитарлық пәндерде модульдік технологияны практикалық қолдану»

1. № 2 хаттама шешімінің орындалуы
2. 9-сыныппен ББЖМ –ға дайындық, қорытындысын талдау
3. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.
5. «Гуманитарлық пәндер» апталығының қорытындысы және өткізілу жағдайы
6. Мектепшілік кіші олимпиада өткізу.
7. Жартыжылдық білім көрсеткіштері қорытындысы

Тыңдалды

1. Отырыс барысында пән мұғалімдері жоспар бойынша ББЖМ-ға 9-сынып оқушыларын дайындап жатқандарын айтты. Мұғалімдердің жұмыс жоспары, жоспар бойынша атқарылып жатқан жұмыстары, оқушылардың орындаған жұмыстары қаралды. Барлық гуманитарлық пәндерден , оқушылардың үлгерімі жақсы екендігі аңғарылды. Әлі де болса алдағы уақытта дайындық жоғары деңгейде өтетіндігін айтып өтті.

2-мәселе бойынша қазақ тілі мұғалімі Бикина Р.Қ 9-сынып оқушыларымен жүргізіліп жатқан жұмыстары туралы мәлімет беріп өтті. Өзінің балаларды сынаққа қалай дайындайтыны туралы шебер сынып көрсетті

3-мәселеде әр мұғалім өз пәндері қиынға соғатын оқушылар төңірегінде сөз қозғады. Оқушыға қиындық тудыратын тақырыптардың себеп-салдарын анықтады. 5-сынып оқушысы Жеңіс Айару және 7-сынып оқушысы Омаров Жамалимен жеке жұмыстар жүргізу керектігі айтылды.

4-мәселеде Пән мұғалімдері арасында гуманитарлық апталықтың өткізілуі жайында талқылау болды. және апталықта өткізілген жұмыстарға есеп берді. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Шекенова Г.Ж мен орыс тілі пәні мұғалімі Оспанова Қ.М жүргізген сабақтары өте жоғары деңгейде өтті. Сабақтары жаңа форматта, белсенді әдіс-тәсілдермен жүргізілді. Тарих пәні мұғалімі Есентаева Т.А жүргізген сыныптан тыс жұмыстар да өз мақсатына жетті

5-мәселе бойынша пән мұғалімдері мектепте пәндік олимпиадалар өткізу жайында ұсыныс тастады. Мақсаты оқушыларды аудан, облыс көлеміне олимпиадаларға қатыстыру. Пәнді неғұрлым терең игеру және функционалдық сауаттылықтарын әрі дамыту.

6-мәселеде I жартыжылдық білім көрсеткіштері пән бойынша жақсы болды. Олқылықтармен жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілді. Осы оқу жылының атаулы күндері ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің мерейтойларына байланысты өткізілген аудандық сайыстарға қазақ тілі пәнінің мұғалімі Есентаева Т.А оқушыларын дайындап, қатыстырды. Қатынасқан оқушылар жүлделі орындармен марапатталды.

Шешімі:

1. Пән мұғалімдері жоспар бойынша ББЖМ-ға 9-сынып оқушыларын дайындауды жалғастырсын.
2. Мектепшілік кіші олимпиадалар өткізілсін.

ӘБ жетекшісі: Есентаева Т.А.

Хатшы: Бикина Р.Қ.

№ 4 хаттамасы

18.03.2023

Қатысқаны: бәрі

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Қорытынды аттестаттауға психологиялық жағынан дайындық»

1. № 3 хаттама шешімінің орындалуы

2. 9-сыныппен ОЖСБ –ға дайындық, қорытындысын талдау

3.«Қорытынды аттестаттауға психологиялық жағынан дайындық»

4. Қазақстан тарихы бойынша 5-7 сыныптарда кіріктірілген өлкетану курсының берілуі

5. Өзара сабаққа қатысу

6. Сабақтастық мәселесі

7. 3-оқу тоқсанның білім кесімдері мен тоқсандық қорытындысына сараптама талдау

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша – бірлестік жетекшісі Есентаева Т.А сөз сөйледі. Жалпы гуманитарлық пәндер бойынша оқушылардың үлгерімдерін айтып өтті. Пән мұғалімдері ІІІ тоқсан бойынша оқушылардың білім көрсеткіштері туралы мониторингтерін көрсетті. Бақылау жұмыстарының нақты көрсетілген кесте бойынша алынып жатқандығы, оқушылардың қалай орындайтындары айтылды. Білім беру үрдісінің мониторинг және диагностика жүйесін дайындау деңгейі жалғасын тапты.

Пәндер бойынша білім негізін салатын, білім стандарттарын игеру деңгейін қамтамасыз ететін оқу жоспарының құрылып, бекітіліп, орындалып жатқандығы айтылды

Үшінші мәселе бойынша жалпы орта білім беру курсы бойынша мемлекеттік емтихан материалдары талқыланды. Қазақ тілі мұғалімі Бикина Р.Қ қазақ тілі пәні бойынша жазбаша емтиханға дайындаған тапсырмаларын талқылады.

Орыс тілі мұғалімі Оспанова Қымбат Мадатовнада өзінің пәні бойынша 25 нұсқалы дайындаған тапсырмаларын қысқаша мазмұндап берді.

Тарих пәні мұғалімі Есентаева Т.А. Қазақстан тарихы бойынша 5-7 сыныптарда кіріктірілген өлкетану курсының берілуі туралы айтып өтті. Өлкетану курсы бойынша жылына 5-7 сыныптарға 4 сабақ өткізілетіндігі, ол тақырып әр тоқсанның соңғы сағаттарында өтетіндігін айтып өтті.

Пәнаралық байланыс, сабақтастық мәселесі көтеріліп, өзара сабаққа қатысу, негізгі мәселелерге тоқталды.

3-тоқсан қорытындысы айтылып, талқылау жүргізілді. Оқушылардың пәндік көрсеткіштері шығарылып, талдау сараптамасы оқу ісінің меңгерушісіне тапсырылды.

Шешімі:

- Оқушылардың пәндік көрсеткіштері сақталсын.
- Мемлекеттік стандарт бойынша жасалынған бағдарламада ауытқушылық болмасын.

Хатшы: Бикина Ризагүл Қ.

ӘБ жетекші: Есентаева Т.А.

Қатысқаны: бәрі

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: «Жылдық қорытынды, талаптар мен міндеттер»

1. № 4хаттама шешімінің орындалуы
2. II жартыжылдық білім кесімдерінің қорытындысы.
3. Дарынды оқушылармен жұмыстың қорытынды есебі
4. Гуманитарлық пәндер бойынша оқушының жылдық білім сапасы мен тест жұмыстарының нәтижесі
5. 9-сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындау.
6. ӘБ жұмысына сараптама талдау
7. Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жобасы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша – бірлестік жетекшісі Есентаева Т.А сөз сөйледі. 2022-2023 оқу жылына арналған мектепшілік жоспарды қарастырып, оқушылардың бос уақыттары есепке алынып, пәндік және үйірмеге тартылғаны, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстары үздіксіз жүргізіліп, оқушыларды мектепте және сыныптан тыс оқу жұмыстарының барлық түрлері қамтылып, нысаналы жұмыстар атқарылғаны туралы айтылды.

Екінші мәселе бойынша пән мұғалімдері II жартыжылдық білім кесінділері, олардың нәтижесі мен сараптамаларына тоқталып өтті. Педагогикалық шығармашылықты дамыту және түрлі бастамаларды іске асыру мақсатында мектебімізде әдістемелік жүйе қалыптасты. Онда оқушылардың пәнге деген қабілеттеріне қарай аймақтық, аудандық, республикалық сайыстарға қатысуға дайындық жұмыстары жүргізіліп отырылды.

Қазақ тілі пәні бойынша аудандық олимпиадада 5-сынып оқушысы Рымбек Еркеназ, 7-сынып оқушысы Омаров Жамалий II жүлделі орындарды иеленді.

Қазақстан тарихы пәні бойынша 8-сынып оқушысы Қалымтай Елдос жүлделі II орын иеленді.

Орыс тілі пәні бойынша 6-сынып оқушысы Серік Томирис I орын алса, 7-сынып оқушысы Жанбек Ақмаржан жүлделі III орын иеленді.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы мен Ғабит Мұстафиннің 120 жылдығына арналған 20.10.2022 жылы қашықтықтан өткен облыстық викторинаға 9-сынып оқушысы Темірбек Меруерт қатысып, сертификат иегері атанды.

Балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен Айдарлы НОМөткен YII аудандық «Бала би» шешендік өнер сайысына 7-сынып оқушылары Думан Аян мен Кальжан Ақерке қатынасып, белсенді қатынасқаны үшін оқушылар мақтау қағазымен марапатталса, жетекшісі Есентаева Т.А шешендік өнер сайысына оқушыларын жоғары деңгейде дайындағаны үшін алғыс хатпен марапаттады.

Дулат Бабатайұлының 220 жылдығына арналған «Дулат оқулары» қашықтықтан облыстық байқауына 7-сынып оқушысы Думан Аян қатысып, III орын иеленді.

ҚР-ның тәуелсіздік күніне арналған театрланған қойылымда мектебіміздің оқушылары «Алаш қайраткерлері» көрінісін сомдады. Қойылымға белсене қатынасып, әдемі өнер

көрсеткендері үшін Ортағаш НОМ-не аудандық білім бөлімінің басшысы Д.Нұрова алғыс хат берді.

Ақмола облыстық білім басқармасы ұйымдастырған «Әбіш оқулары» байқауының «Әбіш Кекілбаев поэзиясын мәнерлеп оқу» бағыты бойынша 8-сынып оқушысы Негметжан Ақниет III жүлделі орын иегері атанды.

Ақмола облыстық білім басқармасы ұйымдастырған М.Мақатаев оқуларының аудандық кезеңінде мектебіміздің 8-сынып оқушысы Сейдахан Ақмаржан жүлделі III орын иеленді.

Мамыр айында Ақмола облыстық білім басқармасы ұйымдастыруымен өткен Ғылыми зерттеу жұмысына мектебіміздің 8-сынып оқушысы Сызкен Аяжан жергілікті өлкетану материалында тарихты зерделеу, жерлестерді еске алу бағыты бойынша «Үзілмеген үміт» тақырыбында жоба қорғады. Нәтижесінде жүлделі I орын иеленіп, мақтау қағазымен марапатталды. Облыстық кезеңге жолдама алды.

Жалпы жыл бойына пәндік және кәсіби білім бойынша жеке тақырыптар мен бағдарлама бөлімдері оқытылып, тақырыптық жоспарлар талқыланды.

Пән апталықтары, жалпы білім беру пәндері бойынша байқаулар мен олимпиадалар өткізілді.

Ашық сабақтарды ұйымдастыру және оларға қатысу жолға қойылды.

Кәсіптік бағдар бойынша жұмыстар жүргізілуде.

9-сынып оқушыларының мемлекеттік емтиханға дайындықтары жөнінде сөз қозғалды. Таңдау пәні оқушылар тарапынан Қазақстан тарихы болды. Дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Алдағы оқу жылына төмендегідей нормативтік-ақпараттық құжаттар негізінде жұмыс жүргізілу керектігі айтылды. Педагогикалық шеберлікті көтеру әдістері жетілдірілсін. Сабақтың дәстүрлі емес түрлерін дайындап өткізу көзделсін. Жекелей оқытуды қолдану жолдарымен оқытудың сапасы жетілдірілсін.

Шешімі:

- Оқушылардың білім көрсеткіштерін түсіріп алмау көзделсін
- Күнтізбелік – тақырыптық жоспар құру кезінде нұсқаулық-әдістемелік хатты мәліметке қабылдау және сайыстарға оқушыларды көбірек қатыстыру.
- Күнтізбелік- тақырыптық жоспарды бекітуге кепілдеме беру белгіленсін

Хатшы: Бикина Ризагүл Қ.

ӘБ жетекші: Есентаева Т.А

